

P2008


384

Шәкен Күмісбайұлы

Казақ әнін
әлемде
асқақтапқан

Дос-Мұқасан

“Дос-Мұқасан” ансамблінің гастрольдік сапарлары



1967 ж. — ансамблідің күршілген жылы.

1968 ж. — Бішкек-Кыргызстан.

1969 ж. — Будапешт-Венгрия.

1970 ж. — Казақстанның қалалары.

1971 ж. — Ташкент-Ўзбекстан.

1972 ж. — Варшава-Польша,

Париж-Франция, Нурек-Тәжікстан.

1973 ж. — Минск-Беларуссия, Берлин-Германия.

1974 ж. — Лейпциг-Германия, Мәскеу, Минск-Беларуссия.

1975 ж. — Киев, Харьков-Украина, Кишинев-Молдавия,

БАМ — Ресей.

1976 ж. — Жаңа Орлеан-АҚШ.

1977 ж. — Юкатан-Мексика, Ямайка аралы,

Сан-Андреас, Богота-Колумбия,

Каракас-Венесуэла,

Джорджтаун-Гайана, Гавана-Куба.

1978 ж. — Измир-Түркия, Прага, Братислава, т.б.- Чехословакия.

1979 ж. — Ашхабад-Түркменстан.

1980 ж. — Улан-Батор, т.б. Монголия, Владивосток, Хабаровск,

Якутск-Якутия, Улан-Удэ-Бурятия.

1981 ж. — Симферополь, Ялта, т.б.-Украина, Сочи-Ресей.

1982 ж. — Таллин-Эстония, Рига-Латвия, Вильнюс-Литва.

1983 ж. — Санкт-Петербург, Калининград, Сахалин-Ресей,

Кабул, Гарdez т.б. Афганстан қалалары.

1984 ж. — Казақстан және Монголия.

1985 ж. — Мәскеу — XII жастар мен студенттердің дүниежүзілік фестивалі.

1986 ж. — Элиста-Калмыкия, Ереван-Армения,

Тбілісі-Грузия, Баку-Әзірбайжан.

1987 ж. — Самара, Волгоград, Астрахань т.б.Ресей.

1988 ж. — Улан Батор, т.б. Монголия қалалары.

1989 ж. — Өзбекстан.

1990 ж. — Қыргызстанның қалалары.

1991 ж. — Казақстанның қалалары.

1992 ж. — “Оуен” студисының күршілік.

2000 — 2005 ж. Мәскеу, Казақстанның қалалары.

2006 ж. — Мәскеу, Казақстанның қалалары.

2007 ж. — Мәскеудегі және — Казақстанның қалаларындағы мерейтойлыш концерттер.



Бұл кітапта құрылғанына
қырық жыл толып, өз өнерін
төрткүл дүниеге паш еткен
атақты “Дос-Мұқасан”
ансамблінің өмірі, жүріп
өткен жолдары, асу-асу
белдері туралы сыр шертіледі.
Қазақ ұлтын Америкаға,
Еуропаға, Азияға танытқан
өнерлі өрендер ел есінде.
“Дос-Мұқасан” қызын
кезеңдерде елінің мұнын
мұндауды, жырын жырлады,
намысын жаңыды, рухын
өсірді, келешекке сенімін
оятты.

Сіздер де куә болыңыз,
ағайын!



72000/38к

Шәкен Күмісбайұлы



Казак әнін
әлемге асқақтатқан

"Дос-Мұқасан"

(деректер, естеліктер,
құжаттар, фотосуреттер)

ББК 85.31
К 93

*Қазақстан Республикасы Мәдениет жөніне ақпарат министрлігі
Ақпарат жөніне мұрагат комитетінің бағдарламасы бойынша шыгарылып отыр*

Күмісбайұлы Ш.

К 93 “Дос-Мұқасан”. (деректер, естеліктер, құжаттар, фотосуреттер) — Алматы: “Өнер”, 2007. — 176 б.

ISBN 978-601-209-015-4

Бұл кітапта қазақтың ән өнерін Америкаға, Еуропаға, Азияға танытып, халқымыздың үлттық мақтанышына айналған, өзінің атын төрткүл дүниеге паш еткен; енді, міне, құрылғанына қырық жыл толып отырган — атақты “Дос-Мұқасан” ансамблінің өмірі, жүріп өткен жолдары, асу-асу белдері туралы сыр шертіледі. Сондай-ак, “Дос-Мұқасан” дәстүрлі фольклорлық-музыкалық туындыларды өз кезеңіндегі эстрадалық музика мәнеріне сай өндейп, жаңа сипат беріп ғасыр биігіне шығарды. “Дос-Мұқасан” қол жеткізген мұндаидар өнер олимпіе Қазақстанда эстрадалық ән өнері бойынша мұнан кейін ешбір өнер ұжымы жете қойған жок.

Кітап қазақтың дәстүрлі ән өнерін қастерлейтін барша оқырмандарына арналады.


К 4905000000
00(05)-07

ББК 85.31

ISBN 978-601-209-015-4

© Күмісбайұлы Ш., 2007
© “Өнер” баспасы, 2007





Тұманбай Молдағалиев

“Дос-Мұқасан” – жастықтың жалын әндері

Біздің жастық шағымыздың нұрлы әні,
Бақытымызды, арманымызды жырлады.
Көңілімізбен үйлесім тауып үндери,
Бір жапырағы желге үшпаған, бақтай тұр бәрі.


Жалынды жастық, өшпейтін оттар, нұр жігер,
Кай жаққа барсаң әнімен ылғи бір жүрер.
Көңілін өксіп оңаша ойда отырсаң,
Дауысын естіп жүргегің жсанып елжірер.

Дос-Мұқасан – жалынды жастық әндері,
Жақындаитындаи сол әндермен таң бері.
Ақ махаббаттан, ғажайып оттан жаралған,
Алысқа тартқан көштері қандай сөнді еді.

Шетінен күйші, шетінен әнші, сазгерлер,
Көп істесе де, істегендеп аз көрінер.
Өзгермейді олар, сөз бермейді олар ешкімге
Біртіндең барып өмір де мүмкін өзгерілер.

“Дос-Мұқасанның” жігіті – алау, қызы – гүл,
Көнеки, бауырым, ғажайып әнді үзілдір.
Өшпейтін мәңгі араласып бір оттармен,
Асыл арманның рухы көкте жүзіп жүр.

“Дос-Мұқасанда” халықтың күші, арманы,
Шыңдалған достық, мәңгілік бірлік қалды әні.
Жайқала бермек заманының желеімен,
Өнін бермейтін жастықтың жасыл орманы...



“Дос-Мұқасан” – тәуелсіздіктің жаршысы

“Озгеріп, өрбіп, өніп жатқан мынау ғаламда
қай құбылыс, қандай нәрсеге зер салсаң,
бір жайды анық аңғарасың. Ол – ештеңенің
жоқтан пайда болмайтындығы. Бар нәрсе не
құрылыш өседі, не құлдырап өshedі.
Бұл табиғи болмыста ғана емес, рухани
болмыста да солай”.

Әбіш Кекілбаев

Басына қандай заман туып жатса да, қазақтың жиын тойы қай кезде де аз болмаған. Ал сондай әр жиын, әр тойдан кейін ауыздан түспей айтылып жүрер, есінде қалар қызығы, айырықша оқиғасы – сол тойда шырқалар ән мен тыңдаған күйі екендігі анық.

Тіпті тарихты таразыласақ, бергісі екі мың, арғысы үш мың жылдар бойы Еуразияның ұлы даласында, бірде Массагет, бірде Түркі-Сақ атандып жүріп, Парсы патшасын есенгіретіп, бірде Еділ батыр – Атилланың бастауымен жарты әлемді қалтыратып, бірде Шыңғысханның түмендерінің аттарының тұғынан үшқан тозаңға тұншыға жүріп, бірде жонғарлардың шапқыншылығынан бас сауғалай қашып, дау-дамай, алашапқын заманда да, ат үстінде жүріп мәдениетін, өнерін қалыптастырган көшпендейлер феноменінің жалпы азаматтық өркениетте алар орны ерекше емес пе. Олар сол заманда қалыптасқан әдет бойынша осыдан 6–7 мың жылдар бұрын Еуропа музыкасында қалыптасқандай нотамен емес “ауыздан ауызға”, “құлақтан құлаққа” дегендегү үстаздан шәкіртке, үрпақтан үрпаққа ауысып, жаңалыққа жаршы болып отырған.

Қорқыт баба күніренткен күйлер сан мыңдаған жылдар бойы Еуразияның апайтес даласында тасы өрге өрмелеген көшпендейлердің ғасырлар бойы қалыптасып, бізге, халқына тастап кеткен төлтума өнері екенін айтпасқа да болmas.

Өнер жүректі жаулап, бойынды тербетеді. Дін мен рухтың қоғам, адам өмірінде алар орны ерекше. Олай десек, діни дүниеде қалыптасқан пайғамбарлық, өнер әлемінде неге жоқ дей аламыз. Тіпті бергі кезендеңегі ақындықтың аскар тауы – Абай, Жамбыл дауылпаз күйші – Құрманғазы, әнші-сазгерлер Біржан, Естай, Мұхит, Ақан сері, Әсет... рухани болмысымыздың пайғамбарлары демегенде, кімдер?

Жылжып жылдар, адымдаپ айлар, ат желісті апталар, қас қағым сөт күндер өтіп жатыр... Үақыт бір орнында тоқтамайтыны сияқты, өнерде осы құбылысты қайталайды. Өзгереді, жаңарады, шырқау бигіне шығады, қайта құлдырауы да мүмкін. Өнерде айнымайтын қафіда бар. Ол – халқының, ұлтының мұң-мұқтажын, қайғы-қасіретін, қуанышын,

күлкісін айдай анық, таза мөлдір күйінде өмір сахнасына шығарғандаға жаңына жақын болуы. Бұл орайда халық әндері мен батыстың музикалық өлемімен қилюастыра шырқаған көрерменниң көкірегіне үялаган тұңғыш “Дос-Мұқасан” эстрадалық ансамблінің орны бір төбе. Рух пен музика бір-біріне тәуелді. Рухты музика биіктеге көтереді, оятады. Міне, осы ыңғайда ансамбльдің зор еңбегі, өшіп бара жатқан халық өнерінің қайта тұлеуіне дәнекер болып қана қоймай, жалпы қазақ баласының ұлт музикасын жаңа бағытқа алып шығуында деуіміз керек. Әрине, “гитар ұстап дуылдатып ән салғаны, батыс музикасына еліктеуі ғажап тірлік болып па” дегендер де болмай қалған жоқ.

Бұл қарсылыққа айттар үәж де жоқ емес. “Халық неге ғана “Дос-Мұқасан” эстрадалық ансамблінің әндерін осы күнге дейін сағынып, аңсап қарсы алады дегенге, қажет болғанда халық асылын өзі іріктеуді”, деген жалғыз ғана қарсы сұрақпен тойтарып тастауға болар еді. Дегенмен де дана халқымыз “Біреудің білмегендігін білмесен, білгенің қайсы” демей ме? Ендеше, сабырмен жауап берелік.

Шынын айтсақ, ансамбльдің дүниеге келуіне және оның өркендереп өсуіне, халық арасында тез қанат жаюына алпысынышы жылдардың аяғы мен жетпісінші жылдардың басындағы Кеңес Одағындағы тоталитарлық саясат, Қазақстандағы жалпы қоғамдық ахуал себепкер. Ол үшін сол жылдардағы үкімет басшыларының солақай тірліктерін, мәселен, Н.С.Хрущевтің отаршылдық, шовинистік саясатын терең ұғып, таразылап түсінуіміз қажет. “Тың игереміз” деген жымыскы ұранмен, КСРО-ның коммунист басшылары Қазақстанға, оның ішінде солтүстік облыстарға 2 миллион 700 мыңдан астам келімsectерін алып келді. Халықты түсінгісі келмеді. Олардың көпшілігі тіпті түрмеде жазасын өтеп жатқан бейбас адамдар еді. Тоталитарлық жүйенің астамшылығы сонша, ұлт тенденцияның аяққа басты. Н.Хрущевтің айтуы бойынша КСРО-да жалғыз ғана ұлт қана болып, олар тек орыс тілінде сөйлемекке ыңғайландырылды. Қазақ мектептері жабылып жатты. Ұлттық мұддені аяққа басты. Капиталистік, социалистік жүйе бір-бірімен текетіреске түсіп, соғыс өртінің қаупін тудырды. Басшы орындарға орыс ұлтының өкілдері отырды. Орыс тілін білмей надандық деген тенденция өріс алды. Бара-бара Қазақстанды бөлшектеу үшін “Целинный край” (Тың өлкесі) құрылды, оған елдің солтүстік облыстары біріктірілді. Қазақтың ата-бабаларының найзаның ұшымен қорғаған жері, аяқасты басқа республикаларға (мәселен өзбекстанға) берілді. Қарсы түрган ұлт өкілдері ұлтшыл атанып қудалауға салынды. Нағыз отарлық жүйенің қалыптасуы басталды. Ұлттық музика әлеміне де КСРО-лық қысым күшейді. Қазақстан Орталық партия комитетінің пленумында қазақтың

ұлттық аспабы домбыра ескілік қалдығы деп сыйналды. “Түрі ұлттық, мазмұны социалистік” деген ұран сан мың ғасыр бойы қалыптасқан өнер мұраларымыздың желкесіне қылышын тақады. Елде үкіметке деген қарсылық іштей толысып, “ұшқыннан жалын қаулайды” дәрежесіне жетті. Халық өзіне қажетті жол іздеді. Мұндай КСРО-лық бұғау, өсірсеке, басқа кеңестік республикаларға қарағанда Қазақстанда кең етек жайды. Dana Абайдың “қалың елім, қазағым, қайран жұрттым” деген асқақ жырының мұны — халық мұнына айналып, ернеуінен асып төгілер шақтаяңды.

Міне, осы тұста “Дос-Мұқасан” ансамблі көктен түскен жасында жарқ етті. Онсыз да торығып отырған халық, көзі ашық, көңілі ояу, иісі қазақ қауымы, “азаттық әнін” шырқаған бұл өнерлі қауымды қуана қарсы алды, ынтыға қауышты. Халық әуендері жасампаздықпен, жаңаша серпінмен, тың серпіліспен жаңарып, ешнәрсеге де бұғаулаңып қалмайтын, өркені өсімтал өнердің құдіретінің еңсесі түсе бастаған шақта, уақыт талабына сай жаңа музыкалық бағыт мәреге кеп жетті. Жан-жагын саясат бұғауы торлаған қазақ музыкасының жаңа таңы атып, тауығы шақырды, ансамбль қазақ музыкасының ақтаңдақ тұстарын дөп басты. Жалпы бір қалыпты сылбыр өмір, бейжайлық Еуропа мәдениетіне, өнеріне де, музыкасына да тән еді. Бұл тірлікке де “қарсы шабуыл” кезеңі де толып пісіп түрган алпысыншы жылдардың басында ағылшын елінде “Битлз” атты эстрадалық ансамбль дүниеге келіп, музыка әлемін дүр сілкіндірді. Оның әсері қазақ жастарына да елеулі әсер етті. Жалпы бұл жаңару қайдан шықты? Рок деген не? Оның әлеуметтік мәні неде жатыр деген сауалдар да тууы мүмкін. Елуінші жылдары Америкада атақты рок-н-ролл дүниеге келді. Бұл жаңа би, жаңа музыкалық стиль еді. Ол көпке тараған негрлер мен ауылдың “ақ” фольклорын синтездеу арқылы шыққан



болатын. Бұл мұхиттың арғы жағындағы “ескі пигылды өке, жаңа бағыттагы бала” арасындағы қарсылықты қүшетті. Артынша бұл жаңа бағытты Англияда қабылдап, “Битлз” эстрада ансамблі оны ары қарай өркендетті. Рок-н-ролл қысқарып рок деген атау қалыптасты. Ол әртүрлі (фолк-рок, блуз-рок, пан-рок т.б.) болып бөлінді. Қалай дегенде де барлық роктың негізгі “түйіні” – барлық қысымнан азат етілу, теңдік алу, барлық былықтан, ойдан құтылу. Адамдар өмір сүруді өз бетімен қалап, өзін әрқашан еркін сезіну керек дегенге саяды. Дүниежүзінде бұл музикалық бағытқа діннің, әскерилердің, расистердің қарсы болуы да осының әсері. Алғашқыда КСРО да тыйым да салынды, тіпті баспасөз беттерінде рок туралы жазу да мүмкін емес еді. Бұл әлем жастарының қозғалысының қарсылығына тап болды. Қазақстанда да “Дос-Мұқасан” ансамблінің жарқа етіп көрінуі де осы қарсылықтың бір түрі еді.

Әр уақыт кезеңінің мақсаты әр басқа екені бүрыннан белгілі. Өркениет әлемі өз әуенін талап етеді. Мұндайда сонау заманнан үрпағына жеткен байырғы, қарапайым музика халықтың, жалпы қөрермен тілегін орындаі алмай, жаңалықтың келуін күтеді. Өркениет заңы атам заманнан солай. Олай десек, дүниеге келген эстрада әлемі сол қажеттіліктен туды десек, қателеспеспіз. Оның негізгі тетігі атанған электронды аспаптар еді. Олардың алымы да, өзіне баурауы да, жасампаздығы ерекше-тін. Көнілі пәс қөрерменге, жалпы халыққа қажеттілік те осы еді. Эстрада арқылы қалың жұртшылық сұлдырап аққан ерке бұлактың үнін, дауылды теңіздің бүркәнған күйін, мұнлы бетпак шөлдің күйін, кейпін, сайраған бұлбұлдың әсем шырылын, алып даланың аумалы-төкпелі тағдырын, аспанға үшқан қыранның шаңқылын есіне алды. Өйткені, эстрада дыбыстық үндестігімен, ұжымдық орындаушылық, көп дауыстылықпен ерекшеленеді. Халық бірді емес, мыңды тыңдай алады.

“Халық әуендерін жаңаша орындағанда оның нәтижесі мүлдем басқаша болатынына сендік. Сонымен жаңаша орындалған қазақтың халық әндері мен көптеген тың туындылар арқылы, біз халқымыздың рухани еңсесін көтеруге қызмет еттік”, — дейді ансамбльдің орындаған көп әндеріне сөз жазған ақын Ұлықпан Сыдық.

Эстраданың тағы бір үстемдігі – ансамбль мүшелері өз заманына сай, жүргегінен шыққан әндерін орындаады, оны репертуарға қоса алды. Музикалық сауаты шындалған ансамбль мүшелерінің тезінен, талқылауынан дүниеге келген ән шынайы табиғильтікмен, ұжымдылықмен құнды болды.

Қазақ әнінің “құлактан кіріп, бойды алатыны” бүрыннан белгілі. Нәзік лиризмі, ғажайып қуаттылықмен ғана емес, ұлтжандылық қасиетімен, ана тілді әсем әуезіменен бағаланады. Мұндай әуен ансамбльмен орындалса, шарықтал шырқап, қөрерменмен мұндасып, сырласып ішкі сезімін жан дүниесін қозғайтыны шүбесіз шындық. Шындығында музика сикырлы дүние. Оның мың-миллиондаған адамды билеп алатын құдірет күші бар. Ол халықты қуанта да, жылата да алады, бір пікірлі қауымды да үйымдастырады. Патшаны тақтан құлату да музика үшін шек емес.

Өйткені, музыка тілі адамға өмірде болып жатқан саналы тіршілікке ойтастattyрады, ойландырады, толғандырады, әділетсіздікке қарсы тұрар жол іздеттіреді. Сана оянады, рух биіктейді, намыс бұрқанады. “Дос-Мұқасан” бұл орайда өз дегенін жасай алды. Тіпті тәуелсіздікке деген алғашкы намыс отын “Дос-Мұқасан” әндері тұтатты десек те артық болmas. Сондықтан да, бұл ансамбльді сол кездегі КСРО көлеміндегі үлттық фольклорлық музыкалық ансамбльдердің ішіндегі жаңа бағытқа бастаған тұңғыш “революционер-пионері”, жаңа өмірдің қарлығашы, жаршысы деп атауға толық негіз бар.

Ендігі бір ойға аларлық жайт, сол кездегі үлт жастарының ғажап ойшылдығы, дүниетанымшылдығы, ғажап білгірлігі мен белсенділігі өнерге деген құлшынысы, үлтжандылығы, рухы биіктігі, намысқойлығы дер едік.

Досым, Мұрат, Қамит, Саня және “Дос-Мұқасан” болмаса, жаңа уақыттың, заманының туындысы – қазақ эстрадасы өмірге келер ме еді? Былайғы жүрт “Дос-Мұқасанды” әлде бір консерватория сияқты өнер-музыка ордасында өмірге келді деуі де мүмкін. Жоқ, олай емес. Талайдың таңдайын қактырып, “жақыны” атанған “Қазақстан Битлзін” құрушуылар – Алматыдағы Қаныш Сәтбаев атындағы үлттық техникалық университеттің (ол кезде қазақ политехникалық институты деп аталатын) автоматика және есептеу техникасы факультетінің республиканың әр түпкірінен жиналған студенттері еді. Техника саласында оқып, бұрын домбыра, гармонь ұстаған жастардың енді ғана қазақ жүртіның өнер отауына ене бастаған электронды аспаптарды игеріп, ансамбль құрып, тенденсі жоқ шеберлік дәңгейіне көтерілуі адам нанғысыз тірлік. Оның өзі бір шежіре-тарих. “Дос-Мұқасанның” атының қойылуы да тосын. Қөпке белгілі, ол уақытта коммунистік партия саясатымен, жыл сайын жазғы үзіліс кезінде, елдегі жогары оку орындарының студенттерінен нешебір құрылыс отрядтары құрылып, олар шалғай ауыл, аудандарға аттанып, тұрғын үйлер, қора-жайлар, мектептер салатын. “КСРО” деген атау әлі де көптің көкірегінде ұмытылмаған шығар. Солардың бірі осы институттың жанынан құрылып, Павлодар облысының, Баянауыл ауданына тізгін тартады. Сол кездегі қалыптасқан жайт, бұл құрылыс отряды Венгрияның Будапешт қаласының Карл Маркс атындағы университетінің студенттерімен бірігіп интернационалдық отряд атанады. (Венгрия ол кезде социалистік мемлекеттер жүйесіндегі ел болатын). Сойтіп 1967 жылы бірінші тамызда КСРО бойынша құрылысшылар мерекесі күні, олар шөмшек от жағып, алансыз әнге басқан шақта венгрлік Янош есімді студент ансамбльге “Дос-Мұқасан” деп “азан шақырып” ат қояды. Оған эстрадалық ансамбльдің Досым-Дос, Мұрат-Мұ, Қамит-Қа, Саня-Сан мүшелерінің есімдерінің басқы буындары алынады. Өнерлі жастар құрған қарапайым музыка ұжымының өміршендігін венгрлікке періште сол кезде аузына салды ма екен, кім білсін, осыдан бастап-ақ өнер өрге жүзді. “Бірлігіне карай, тірлігі” дегендей, үлтжанды институт ректоры Әшім Құрамбайұлы Омаров, проректоры Өмірбек Жолдасбеков, факультет деканы Баян

Рақышев, партком хатшысы Досмұхамед Кішібеков, кафедра менгерушісі Тұрсын Омарұлы Сәлібаевтар өнерлілердің қолтықтарынан демеп, қамқоршы болып, ұжымға қажетті музикалық аспаптар сатып алынды.

Алға қойған мақсатты орындау оңай шаруа емес. Мол еңбекті, ыждағаттықты, үйренуді талап етеді. Ансамбль мүшелерінің арманы іске асатын уақыты жақындалп келе жатты. Кешегі дүниеден ағып откен жұлдыздардың бірі емес, бірегейі Сұлтанмахмұт Торайғыров бір жыр оралымында:

Көп жүрдік, шыдайын деп іштей жанып,

Кейде олай, кейде бұлай, ойға қалып, — дегендей, қызыл империя саясатының қылышы қайраулы тұрган кезі еді.

Ұлттық теңсіздікті саналы түрде көпке ашық айтуға жол жоқ, өте киын болатын. Ансамбль мүшелері ұзақ кеңесті, тұжырым жасады. Ақыры жол тапты. Ол — электронды аспаптары бар ансамбльді желеу етіп, қазақ әндерін рухтана шырқайтын көптің сахнасына айналдыру еді. Бұл үшін музика тілі арқылы ұлт табигатын, батырлығын, елдігін танытқан шығармалар жазылды, қазақтың халық әндері іріктең алынды. “Дос-Мұқасан” ансамблінде неше бір композитор да, ақындар да өсіп келе жатты. Бастауыш музикалық білімі бар кентаулық Досым Сүлеев — саксафонда ойнады, бір кездегі “домбырашы-бала” — Мұрат Құсайынов гитарда ойнап, ән айтты, спортшы, әрі музикаға жан-тәнімен берілген Александр Литвинов барабанға ие болды. Қамит Санбаев комсомол жұмысын атқара жүріп гитара ойнап, осы ортадан табылды.

“Республикадағы ең үздік, жаңа заманғы музикалық аппаратуралар біздің қолда болды. Біз ғана тұнғыш рет қазақтың халық әндерін аранжировкалап көп дауыста шырқадық. Бір таңқаларлығы, әндеріміздің астары қаншама бір революциялық рухта, екпінде, мағынада болса да, өкімет адудындығын көрсетпеді”, — дейді сол кездегі ансамбль жетекшісі Досым Сүлеев.

Ансамбль алғашқыда “Студенттер көктемі” сияқты мерекелерде белсене өнер көрсетіп, қазақ теледидарының “РОМБ” (романтика, оптимизм, махаббат, білім) деп аталатын су жаңа хабарының бетін ашты. Бұл іске белсене араласқан ансамбльдің тұнғыш туындысы “Әсем жұлдыз” (әнін Мұрат Құсайынов жазған), “Ғашықтың” (әні Досым Сүлеевтікі) сияқты көптеген әндердің сөзін жазған “Қазақстан Битлзінің” “жекеменшік” ақыны Ұлықлан Сыдық еді.

Сынаптай сырғып жылдар өтіп жатты. Ансамбльдің дәуірі өрлеген сайын өнерлі жастар келіп қосылды. Олар — Мейірбек Молдабеков, Юрий Лим, Шәріп Омаров, Құдайберген Бұқтықов, Сағаділда Қасенов, Құрманай Әжібаева, Тасхан Нарбаева, Усмадияр Мақанов, Бақытжан Жұмаділов, Нұртас Құсайынов, Бағдад Айдарханов, Алтынбек Үмбетов және басқалар еді.

Ойлап қарасак, бұл кезең әр қазақтың көніл-көзіндегі торлаған бұлтын сейілтіп, ұлттық нақышта бұғынып жатқан арманын, сағынышын тап басып, “Жыр жазамын жүргегімнен”, “Қарлығаш”, “Жайдарман”, “Наз

коңыр”, “Құдаша”, “Ләйлім-шырақ” сынды сүйікті халық өуендері мен “Қараңғы түнде тау қалғып” сынды ұлы Абай әндерін электронды аспаптарға лайықтап өндеп шырқаған, жұрты қуана қолдап, көкке көтеріп, жерге түсірмеген сәті болатын.

1969 жылы ансамбль Бішкекте өнер көрсетті. 1971 жылы Ташкенде КСРО бойынша өткен техникалық жоғары оқу орындары арасындағы Бүкілодақтық конкурста бірінші орынды жеңіп алды. Шындығында “Дос-Мұқасан” — өмірде сирек кездесетін құбылыс (феномен) еді. Өйткені, оның шарықтап-шығу уақыты пісіп жетілген болатын. Тіпті Еуропа, Америка мәдениет әлемі ескілік көмейінде тұншығып тұрганда, Орталық Азияда жаңалыққа жаршысы “Дос-Мұқасанның” өмірге келуі құдайдың бір шаруасы шығар. Әділ қазылар алқасының төрағасы, атақты әнші Батыр Зәкиров те таңданып, қуана қол соқты.

Ел ішінде қазақ радиосына, қазақ телевидениясына, “Лениншіл жас” (қазіргі “Жас алаш”) газетінің редакциясына Ресей, Өзбекстан, тіпті Украина, Белоруссия, Балтық елдерінен мындаған хаттар келіп, ансамбль репертуарындағы әндердің тексті мен ноталарын жариялаудың өтінді. Сойтіп, бүкіл КСРО-да “Дос-Мұқасанның” жеңісті жылдар кезеңі басталды. Аты шулы ұжым 1969 жылы Венгрияда, 1970-те ГДР-да, 1971-де Польшада, 1972-де Францияда өнер көрсетіп, шетел көрермендерінің де ықыласын жауладап алды.

1973 жылы, арага уақыт салып, олар Белоруссияның астанасы Минскіде кенес әндерін орындастырып көсіпқой орындаушылардың Бүкілодақтың конкурсіне қатысты. Бәйгеден озуға тырысқан көптін ішінде КСРО-ға, шетелге аты, атағы дәуірлеп шығып тұрган жергілікті “Песняры”, сол сияқты “Самоцветы”, “Москвичи”, “Девчата” сияқты шашасына шан жүқтырмайтын “түлпарлар” бар-тын. Бірақ “шын жүйрік мәреде көрінеді” демекші, бұл конкурстың қорытындысында мекен иесі “Песняры” бірінші, “Дос-Мұқасан” екінші орынды иемденіп, Берлинге барап қос жолдаманың бірін жеңіп алды. Сол жылы “Дос-Мұқасан” Германия республикасының астанасында өткен X-шы Дүниежүзілік жастар мен студенттердің фестивалінде бірінші орынға шығып, алтын жүлдеге қол жеткізді. (Бұл әңгімеге әлі тоқталамыз).

Айта кетері, бұл фестивальға әлемнің 200-ге тарта елдерінен үміткер ығай мен сығай өнер ұжымдары қатысқан еді. Үміттерін үкілеген жастардың өнер сайысына дүниежүзі халқы көз тігіп отырды. “Дос-Мұқасан-ның” ғажап шеберлігіне төрткүл дүние тамсана, таңдана қол соқты. Жер жүзі ана тіліміздегі өуенге бас иіп, дүниеде қазақ деген өнерпаз халық бар екеніне көзі жетті. Ұлттың мерейін есірді.

1974 жылы ансамбльге Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінің Ленин комсомолы сыйлығы берілді. (Бұл қазіргі уақытта “Дарын” жастар сыйлығы деп аталады). “Қазақстан Битлзы” Мәскеуде, Санкт-Петербургте, ВЛКСМ-нің XVII-съезінде, аты шулы алып құрылыс БАМ-да, Нурек ГЭС-ндең көрермен қауымның сыйлы қонағы атанды.

1975 жылы “Дос-Мұқасан” эстрадалық ансамблі республика

мәдениет министрлігінің шақыруымен, “қазақконцерт” бірлестігіне енді. КСРО-дағы ең үздік ансамбль ретінде 1977-де мұхиттың арғы жағындағы ірі держава АҚШ-қа гастрольдік сапарға аттанды. Оның өзі есте қаларлықтай үлкен әңгіме. Саяси жағдайға үнілсек, сол кезде екі ірі держава АҚШ-пен КСРО-ның текетірес болып, “қару жарыстырған” кезі. Осы тартыстың кесірінен әр басқан қадам санаулы болатын. Ансамбль мүшелері КСРО мәдениет министрлігі, қауіпсіздік комитеті тарарапынан “екшеуден” өтіп, Америкаға аппаратын ансамбль репертуары сөз болғанда, орындалатын музыкалық шығармалардың 50%-ы орыс, 45%-ы қазак, 5%-ы ағылшын тілінде болуы қатаң талап етілді. Ұлы империялық идеологияның шоктығының “биік” екені бұл жолы да расталды.

Бұл шешімге қарсылық білдірілген жағдайда ансамбльдің шетелге баруы да екіталай еді. Ансамбль мүшелері еріксіз көнуге мәжбүр болды.

— Бірақ “Дос-Мұқасан” мұхиттың арғы жағында тек қана қазақ әндерін шырқады. Бір ойға түйер жайт, біздің КСРО-дағы негізгі қарсыласымыз Белоруссияның “Песняры” ансамблі АҚШ-та екі апта гастрольде болса, “Дос-Мұқасан” алты ай журді. Америка көрермені өздері қалап алды. Алғашқы концертіміз джаздың Отаны — Жаңа Орлеан қаласында өтті. Қырық минут ішінде біздің жігіттер американдық жанкешті көрермен қауымның жүргегін жаулап алды. Әрбір нөмір, орындалған әнді жүрт салтанатты овацияға айналған ду қолшапалақтаумен қарсы алды. Алғашқы толқығанымызды ұмытып, жігерленіп алдық. Ал “Наз коңыр” әні шырқалғанда залдағы көрермендер орнынан тұрып кетті. Американдықтар, оның ішінде Жаңа Орлеандықтар музыканы аса жақсы түсінетін халық. Олар бізге басын иді. Қазақ әнінің құдіреттілігін түйсінді, өте кызықты,— деп есіне алады ансамбльдің көркемдік жетекшісі, композитор Мұрат Құсайынұлы. “Дос-Мұқасан” Америкада 230 мын адамға 180 концерт берді. 2 миллионнан астам АҚШ доллары көлемінде өкіметке пайда түсірді. Әлемге белгілі “Би-би-си” радиостанциясы “Той жыры” сияқты біраз әндерді өздеріне қалап, жаздырып алды. (әлі күнге дейін беріп тұрады). Бұл үлкен табыс, американдықтардың қазақ өнеріне берген зор бағасы еді.

Алайда, өмір бір орнында тұрған ба? Ол жаңарғандай, ансамбльде де өзгеру үрдістері өтіп жатты. Өнер үжымының уығын шаншып, іргесін қалағандар, өнліріске, ғылымға бет түзеп жатты. Ансамбльдің шаңырағын құлатпау міндеті, үжымның көркемдік жетекшісі Мұрат Құсайынұлының еншісіне тиді. Байқап қарасақ, ансамбльге осы жылдар ішінде (1967—1974, 1975—1985, 1986—1991, 2000—2007) үш құрамда 35 қыз бен жігіттер қызмет етіпті. Қазір Досым Сүлеев — қазақ ұлттық техникалық университетінің ректоры, профессор, Шәріп Омаров — Қазақстан Республикасының Чехия және Словакия мемлекеттеріндегі төтенше және өкілетті елшісі, Мейірбек Молдабеков — Ақ “КазКосмос” ұлттық компаниясының вице-президенті және басқарма мүшесі, ұлттық академиясының мүшесі-корреспонденті, Мұрат Құсайынов — Республикаға енбек сіңірген қайраткер, композитор, халықаралық шығармашылық академиясының

мүшесі-корреспонденті, “әуен” продюсерлік музыка орталығының төрағасы, Александр Литвинов — “ҚайМет” атты фирмалық директорының орынбасары. Кешегі әншілер — бүгінгі жастар өнеге тұтар ел ағалары. (Олар туралы әлі айтылады).

2000 жыл — ғасырдың соңғы жылы елімізде Елбасы жарлығымен “Мәдениет қолдау жылы” болып аталды. “Дос-Мұқасан” жігіттері бүл шараны қуана қарсы алды. Бір кезде арман болған тәуелсіздікке неге қызмет етпеске! Осыған орай ансамбльдің бірінші құрамы тегіс бас қосты. Олардың ішінде осы ансамбльдің құру үшін “Етігімен су кешіп, аты ауыздығымен су ішкен” алғашқы құрамының жігіттері — бүгінгі “ақсақалдары” да бар еді.

Алғашқылар болып “Дос-Мұқасанды” Жана өзен қаласы шақырды. Мұнан кейін Астана, Алматы, Жезқазған, Семей, Байқоңыр, Қызылорда, Қарағанды, Жамбыл, Өскемен, Павлодар қалаларының көрермендері қуана қарсы алды. Олар өздерінің жастығымен, сол кездің жастарымен кездесті.

Әдебиет, музыка, өнер — уақыттың бояуы, ісі, үні. Бұларсыз уақыт пен заманда толық мазмұн болмайды. Біз музыка таңдай отырып, жан дүниеміздің қатпарындағы мың сан жұмбаққа жауап іздейміз, небір құпия сезімдерге бойлай отырып, өзімізді өзіміз танимыз.

Бір кезде де, қазір де шындықты айтудан қорқып, біз азаматтық бағдарымыздан адасып жатқан жайымыз бар. Кенестік жүйе бізді қоркуға жетектеді. Сол қорқыныш өзгені өтірік сыйлауға, шындықты мойын-дамауға, кезі келген уақытта одан бұғып қалуға үйретті. Міне, соның да салдарынан әділетсіздік үстем бола бастады. Сол әділетсіздікті шындық атты қамшымен қақ басынан ұрып, жығуға да болатын ба еді, біз оған еңжар қарадық. Оны әдіспен женіп, құлықпен алуға үмтүлдүк. Нәтижесі қандай? Өзіміздің де сол әділетсіздіктің жағына шығып кеткенімізді байқамай қалдық. Соның кесірінен намыс, рух кеміп барады, тоғышарлыққа бет бұра бастадық.


Бұл философияға тоқталудың да жөні бар. Алыстан емес, әділетсіздіктің сол өнерден іздейікші. Бір-екі әніне ел қол соқса, кейбіреулер “жұлдызының” деп кеудесін соғады. Елге менменси қарайды. Ал кейде атақты жас әншілердің бірі емес, бірегейлерінің өзі “Қазақстандағы эстраданың алғашқы шамын жаққан мен” деуге де дағыланып алған. Мұндай әділетсіздіктің қажеті қанша? Осындай таластың кесірінен адасып, рухани өмірін сактай алмай, басқа үлттарға сіңіп, мұлде жоғалып кеткен үлттар аз емес. Осы жағын да ойлау қажет шығар, ағайын. Қалай дегенде де “Дос-Мұқасанның” еңбегіне берер бата, айттар алғыс мол. Біріншіден, “Дос-Мұқасан” — қазақ эстрадасыныңabyзы мен аңызы. XX ғасырда халқымыздың үстем үлттарға жұтылып кетпеуіне зор еңбек еткен, үлттық идеологиямыздың өнер сандығындағы алмас қылышы. Қазақ мәдениетіне қосылған алтын қазына. Қалай бағаласақ та сыйымды. Дегенмен де алыс ауылдың тұрғынының ойлы пікіріне бір сәт құлақ салайык.

— Музыка үлт таңдамайды. Тек ол халықтың жан дүниесіне әсер

етсін деңіз. Мәселен, қазір рок музыканың танымдық, сезімдік өсерін қабылдауда көрермен қауымның әртүрлі мінез танытуы мүмкін. Бірақ мен “Дос-Мұқасанды” басқа ешбір ансамбльге айырбастамаймын. Ол орындаған қазақ әндерін сағына тыңдаймын. Америка сапарынан Мұрат Құсайынұлы “Мұхитпен саяхат” атты рок-композиция жазып келді дегенде, мен бұл үлкен өсерден туған шығарма деп тұжырымдағаныма көміл сеніңіз. Көз алдыма елестетіп көрдім. Ұлы мұхит сұсты, күніренісі де ерекше, астан-кестені шығып ах ұрып жатыр. Дио жалды, көкбет толқындары шашын жұлып, жынын шашып, долыра кеп, бедірейген кеменің қож-қож қабырғаларын тітіретіп, аударып тастардай күй танытқанымен, соғылып, быт-шыты шығып, ақ көбік болып бүркүрайды кеп. Топан су қотарыла қаптаған алағай-булағай кейпі жүрек сұылдатып, алапат үрей туғызады. Кеменің палубасында тұңғыш рет мұхит асып Америкаға бара жатқан қазақтың жігіттері түр. Теңіз табиғатын алғаш көрген адамның бейжай қалуы мүмкін бе? Неге тебіренбеске? Сезім толқынынан шыққан музыка тілі қай көрерменді де толқытпай қоймайды. Шындығы солай. Немесе қайтар жолдағы толғаныс сәті. Эрбір тірі жан үшін шыр етіп, жарық дуниеге келген, кіндік қаны тамған жер — ең қасиетті топырақ деп саналады, екібастан. Сол туған жерді ғұмыр бойы санаңа түйіп, бойтұмарыңдай жадыңа сақтауға міндеттісің. Міне, қазақ жігіттері бөтен жер, бөгде мекеннен туған еліне оралып келеді. Куанышында шек жоқ. Сұнқылдаған соло, ритм гитаралардың үні, әлемді мың құбылтқан трубалар дауысы, жүрек дүрсілінің соғысын білдірген барабан, бас гитара... Көз алдарында дуылдата қол соққан ақ, дара түсті американцыктар. Оларға қазақ деген ұлт барын, оның өнерін танытып, “Наз қоңыр”, “Куә бол”, “16 қыз”, “Туған жер”, “Алматы тұні”, “Дударай”, “Ләйлім шырап”, “Құдаша”, “Той жыры” әндерін тыңдатты. Өздерінің әлемдегі аты арыстандай елмен терезесі тен екенін білді. Өнерін мойындағы. Ал негізгі айтарым, меніңше “қазақ-битлзының” ерекшелігі айтар ой-идеясын аса табиғи, “айтайын дегенім мынау гой” деп атойлада пысықтап жатпай, музыка тілімен жеткізіп, ой ұшығын көрерменге таразылауга ұсынуы дер едім. Ел өміріндегі қалтқысыз шындықтарды ретін келген жerde жанамалап білдіруі де көнілден шығады. Бұл жerde қазақ әнінің шерлі табиғаты, атой салған шаттығы көмектескені анық. Кеңес империясы кезінде егемендіктің мәнін саналы түсінүе онай болған жоқ. Карсылықтар адым аштырмады. Бірақ, біз сияқты сол кездің жастары түсінді, куаттады, қолдады. Идеялары ұрпактан-ұрпакқа жалғасты. Түсінген жастар легі қалыптасты. Міне, “Дос-Мұқасанның” кереметтігі, ол – тәуелсіздіктің бастауы” – дейді Алматы облысының, Ақсу ауылында тұратын ел ағасы Әбітай Маралов. Алыстағы көрермен ой-пікірі, әділ айтылған шындық, ансамбльге қойылған баға. Өйткені ол – ел өкілі, ауыл көрермені. “Дос-Мұқасанға” биыл 40 жыл. Өнер ұжымында еңбек еткендер саны да қырыққа таяу.

Мереке құтты болсын, ағайын!

**“Дос-Мұқасан” —
уақыт перзені**
(Бірінші белес)



Cаны жағынан көптің азы болса да, қазақтың достығы, өмір кешуі, өнер іздеуі, жұрттануы еш халыққа үқсамайтын ерекше ұлт. Қонақжайлығы бір төбе, өзге өзін мақтаса, елін мақтағаны деп үғатыны тағы бар. “Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озғанын” қалайды. Сөзге тоқтайды, өнерге басын иеді. Ата-бабадан қанмен жеткен байқампаздығы, ерлігі, батырлығын айтпағанда, тілін, ділін, өнерін сары майдай сақтап келгені де шындық. Осы қасиеттің бәрін ұшы қырысыз кең даласымен мұндасып, сырласа жүре жүргегіне қондырып, жадында жаттап алды ма екен? Бұл дәстүр әлі де жалғасын табары анық.

Сонау алпысыншы жылдардың бел ортасынан асып, жетпіске иек артқанда, 1965 жылы Алатауға жамбастай жатқан әсем Алматының көп оку орындарының бірі, қазақ политехникалық институтында, (студенттерше “Политехте”) жоғары оку орнына қабылдау емтихандары өтіп жатты. Кеудесінде арман оты лаулап жаңған, келешегіне қадам басқан қыз-жігіттердің дені Қазақстаннан, қала бере өзге жұрттан ағылып кеп, қала жұрттың санын қөбейтіп, бір үрдіс тірлікке, сөн-салтанатқа толтырып жатқан еді. Жасыл желең жамылған Алматы астана атанса да көшे аралар жұрты селдірлеу, бүтінгідей құртша құжынаған мәшинесі жоқ, у-шұы да аз, моп-момақан шашар-тын. Бірақ, білім ордаларының көптігі дәтке қуат еді. Өмір бір орнында тұрмасы анық. Құлашын кенге алып, өсіп-өркендеуге бет алған қазақ жұрты да жұмырықтай жұмылып, болашаққа көз жіберіп, “Іс тетігін кадр шешеді” дегенге тірелген. Елдің қарышты қадам басуы, индустріяға, үлкен өндірістің қазығына байланып, инженер, экономист, металлург, геолог, мұнайшы, әсіресе, автоматика, телемеханика саласын менгерген ұлт мамандарын қажет етті. Сол себепті де студент атану қындалап, бір орынға он-он бес адамның білім сыйнасуына тұра келді.

Осы топтың ішінде Кентау қаласынан келген, сыпайы, сөзге саран, ісіне ыждағатты Досым Сүлеев, дүниенің қыр-сырын ерте түсінген, бойшан, бүйрабас, қордайлық Мұрат Құсайынов, жүргегі жұмсақ, сыпайы-сыптан жаңақорғандық Мейірбек Молдабеков, сонау Алтайдан екі өкпесін колына алып, самолетке билетке қолы әзер жетіп, Алматыға емтиханға екі күн қалғанда келген орыс жігіті Александр Литвинов, ұзын бойлы, өр мінезді қаратаулық Шәріп Омаровтар бар еді. Бұлар соғыстан кейінгі туған, дүниенің он-терісін үға бастаған үрпақ болатын. Техникалық сала мамандығын қыр-сырын ауылдық мектепті бітірген қазақ жастарының үйренуі қиын екенін де үғынды. “Тәуекел түбі жел қайық, өтерсің де кетерсің” дегендеріне қарағанда оңай шағылатын жаңғак та емес-тін. Өйткені, бұлар факультетке іс-құжатын тапсырған білімі озық 250 медалистің катарында еді. Ол уақыттың жастары бүгінгілерден өзгеше-тін. Сонына ерткен әке-шешесі жоқ, көмектесер “ағайындарды” іздемей, институтқа түсетініне сенімді, көзі ашық, көңілі ояу, әр нәрсеге байыппен қарап, ойланып шешетін, зеректігімен танылғандар еді. Бәрінен де ойға тоқыры, олар алға басуға үмтүлсып, білмегенді білуге, толымды

ой қорытуға, өмір қындығына тәзуге төсөліп, өздерін сақа жігіттердей сөзинетін.

— Өз басым “мен кіммін, елімнің, ата-бабамның асқан асулары қандай, осы күнге жеткенше қанша бұралан жолдардан өтті, қанша қасірет шегіп, қанша жеңісін тойлады” деп толғанып, солардың адамгершілік қасиетін, кіслігі мен ерлігін, жан сипатын, рухани тәжірибесін бойыма сіңіріп, еліміздің елдігін, күресін, тарихын біліп өсуге тырыстым. Өмірде болып жатқан өзгерістерге сын көз-бен қарадым. Мемлекеттік саясатты түсінуге ден қойдым. Өзімнің жеке тұлға екенімді басқаға ұқтыруды ойладым. Жан-жағыма қарап өстім. Иә, мен сияқты қатарластарым да қызындыққа мойымады. Жас жынғылдаидай қызыл қүрәң шағымызды бекерге өткізбедік, Ойлап қарасақ, сол кездің жастары, басқа дүниенің бәрін жинап тастанап, білімге үмттылыпты.

Официальный день рождения ансамбля “Дос-Мұкасан” — 1 августа 1967 года. В этот день музыканты дали свой первый концерт в Баянауле.

Слушателями были местные жители и члены студенческого стройотряда Казахского политехнического института. Команда собралась интернациональная. В то время по программе студенческого обмена в политехе учились много венгров, они-то и придумали название понравившейся группе. По словам руководителя ансамбля Мурата Кусаинова, некоему Яношу Карлаты пришло в голову сложить имена музыкантов в занятную аббревиатуру. И получилось: “Дос” — Досым Сулеев, “Му” — Мурат Кусаинов, “Ка” — Камит Санбаев, и “Сан” — Саня, Александр Литвинов. Эта четверка (на фото) и была костяком первого состава ансамбля, который действовал с 1967 по 1974 год.

Эрине, қаупіміз де болмай қалған жок. Кейбіреулерге орыс тілін білу өте киындық етті. Ауылдың баласының соры осы еді ғой. Орыстану саясаты белден басып түрған шағы. Бірақ намысқой жігіттер едік. Мәселен, Досым мен Шәріп қаланың балалары. Оларға аса қыын тиген жок. Біз өркениетті сағынып қалған ауылдың жігіттеріміз. Бір минутымыз текке өтпеді. Колымыз қалт етсе, театрға, операға, стадионға бардық. Шындығында, қоғам, дәуір алдындағы борышынды бүкіл жан-дұниенмен сезінбей, халқына қызмет ету қыиңның қиыны. Біз өмірге ғашық едік,— дейді сол кездегі абитуриент, кейінде студент, ауыл баласы, қазіргі ғылым докторы Мейірбек Молдабеков.

Досым, Мұрат, Мейірбек, Шәріп студент атанған соң жатақханада бір бөлмеде тұрды. Адам болған соң әрбір пендениң өз өмір тарихы бар. Досымның әкесі қасым ақсақалдың алғашқыда жан-жақты болады деп баласын музыка мектебіне беруде үлкен сыр жатты ма екен? Шындығында музыка әлемі адамның ой-өрісін өсіріп, дүниеге көз-қарасынды зерделеп, өзгертіп, ой-сананды байытып, тез есесүеге көп көмегін тигізері анық. Әскери қызметте (әскери комиссариатта) жүріп, отбасы онтүстіктің


Официальный день

рождения ансамбля "Дос-Мукасан".
1 августа 1967 года. В этот день музыканты
дали свой первый концерт в Баянауле.

Слушателями были местные жители и члены студенческого стройотряда Казахского политехнического института. Команда собралась интернациональная. В то время по программе студенческого обмена в политехе училось много венгров, они-то и придумали название понравившейся группе. По словам руководителя ансамбля Мурата Кусаинова, некоему Яношу Карлаты пришло в голову сложить имена музыкантов в занятную аббревиатуру. И получилось: "Дос" — Досым Сулеев, "Му" — Мурат Кусаинов, "Ка" — Камит Санбаев, и "Сан" — Саня, Александр Литвинов. Эта четверка (на фото) и была костяком первого состава ансамбля, который действовал с 1967 по 1974 год.

бар аймағын біраз көшіп-қонып аралаған екен. Ата-анасының бақыты — балалары.

— Біздің үйді өнерлілер отбасы деуге тұрарлық, Жұмыстан шаршап келген бір сәтте өкем бәріміздің басымызды қосып, “ансамбль” құратын. Өнерді қатты бағалаушы еді. Бірақ, әр баланың күнделікті жүріп-тұруына, білім алуына, ішкі дүниесіне зер салып, қатаң бақылайтын, — дейді Досым.



Досым 1947 жылы 7 наурызда Шымкент облысының Сарыағаш ауданында дүниеге келген. Балалық шағын Шолаққорғанда, кейіннен Кентау қаласында өткізіпті. Жоғарыда айтқандай алғашқыда баянды “созғылап”, кейінде кларнетті, саксафонды шебер ойнауға қалыптасқан. Орта мектепте оқи жүріп, музыкалық мектептің баян курсын бітірген, Дос — Досым Сүлеев институт бітірген соң, жоғары оқу орнында қалдырылып, артынша Мәскеудегі болат балқыту институтының аспирантурасына қабылданғанын айтқанбыз. Оны бітірген соң ғылымда өз орнын тауып, алғашқыда өзі оқыған институтта, Білім министрлігінде, үкімет аппаратында қызмет істеп, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің

ректоры атанып, профессор атағын алды. Халықаралық ақпараттық технология академиясының және халықаралық жоғары мектеп академиясының академигі. Сонымен бірге сазгер, көптеген өндердің авторы, ансамбльдің саксафоншысы, органда ойнаушысы. Оның “Той жыры”, “Жан досым”, “Алматы тұні” тағы басқа көптеген өндері әлі күнге дейін шырқалып келеді. 1975 жылы өндер жинағы шыққан.



Мәскеуде аспирантурада оқи жүріп өзінің болашақ жары Людмила Байдабекқызы Төлепбаевамен танысып отау құрды. Бір ұлы мен қызы бар. Қызы Гүлмира магистр-психолог. Қазақ Ұлттық университетінің халықаралық байланыстар факультетін бітірген ұлы Ержан қазір Қытайда оқып жатыр.

Мұрат Құсайынұлы Жамбыл облысы, Қордай ауданының Шарбақты ауылында 1948 жылы, 10 тамызда дүниеге келген. Әкесі Құсайын Төлеулиев соғыстың қиян-кескі бейнетін тартып, сонау Берлинге дейінгі соғыстарға қатысып, бірнеше орден мен медальдармен марапатталған соғыс ардагері. Кейінде ол дүние салып, отбасы Алматы облысындағы

Қаскелен ауданындағы О.Жандосов атындағы ауылға көшіп келеді. Мұрат Қордайдағы аудан орталығындағы Абай атындағы орта мектепті күміс медальмен бітіреді. Алған бетінен қайтпайтын қайсар, бастаған ісін аяғына дейін жеткізетін бірбеткей жігіттің ерекшелігі — музика десе ішкен асын жерге қоятындығы еді. Оның да себебі жоқ емес. Мұраттың өнерге бейімділігіне мол өсерін тигізген адам — әкесі. Асқан домбырашы, сауыққой, сері адам болған. Тіпті ол жан туралы нешебір әңгімелер жүргізуінде өлі де айтылады. Кезінде Құсайын ақсақал қазақтың атақты өнер иесі, сазгер, әрі әнші Кенен Әзірбаевпен араласып, қазақ өнері жайлыштың әңгімелескен екен. Сауық-сайранда, тойларда төр төбесінде бірге отырыпты. Кенен өн айтса, Құсайын күмбірлетіп күй тартып, қошеметшіл жұртты қуанышқа бөлепті. Сонда өз әндерін нақышына келтіре орындағынын асқақ әнші, атақты Кенен:

— Өү, жүртүм, Құсайын домбыраны сөйлестін, мен өлең айтайын,— дейді екен. Шындығында Құсайын ақсақал домбыраны тартып қоймай, оны “сөйлететін” шебер еді. Бала әкеге тартып туса қуаныш. Бес жасынан домбыра ұстап, өнерге бейімдігін танытқан Мұрат, мектепте көркем-өнерпаздар үйірмесінің белді мүшесі болыпты. Келе-кеle он саусағынан өнері тамған жас бала, сол кезде-ақ гармонь, мандалина, баян сияқты аспаптарды үйреніп, өнді жақсы салатын еді. Сабакты да өте жақсы оқыған.

Қамит жоғары курс студенті, әрі факультет комсомол үйімінің хатшысы, жаңалыққа жаңы үйір, сақа жігіт. Қаба сақалды, кең маңдайлы, өмір соқпағы өнін ерте шиырлаған, батыр тұлғалы, байсалды жігіт әрқашан студент қауымындағы ортасынан табылуши еді. Өнерге құштар Досым, Мұрат, Александрды да байқап қалған осы Қамит. Комсомол басшысы, әрі азамат ретінде, ол арманын іске асырмақ ниетте жүріп, эстрадалық ансамбльдің алға қарыштап қадам басуына мол септігін тигізуінің бірі емес, бірегейі.

Қамиттің туған жері Қазақстанның сонау батысындағы — Мақат. Ұстаз отбасынан шықкан жігіт. Әкесі Хамза елге белгілі мұғалім еді. Ол уақытта өлемде ең күшті екі держава бар-тын. Бірі капитализмнің жүргін арқалаған АҚШ-та, екіншісі коммунизм отын жағуға асыққан, социализмнің ордасы КСРО. Ұлы Отан соғысынан кейін Германия екіге бөлініп, демократиялық деп ат таққан ГДР социалистік мемлекеттер қатарына қосылып, Варшава әскери блогіне мүше болғаны тарихтан белгілі. Міне, Қамит те әскери борышын осы елде кеңес әскерлерінің қатарында атқарды, Батыс Еуропа мемлекеттерінің соғыстан кейін-ақ, іле-шала экономикасы өсіп, өркениетке қарыштап аяқ басқаны көпке аян. Алыс Қазақстаннан келіп, “жұмакқа” тап болған жас жігіттің таңданбасқа шарасы қайсы? Жастары



мәдениетті, білімдері жетік, түрмисы толықсан, қалалары әсем елді Қазақстанмен салыстыру мүмкін емес-тін. Жас жігіттің көкейінде “Бізде неге бұлай емес. Кімнен кембіз? Жастарымыз неге биікке талпынбайды” деген сан сауал мазалайтын. Осы себепті Қамит неміс жастарымен әңгімелесу үшін біршама неміс тілін де үйренді. Қыындықты да, қуанышты да бастаң өткеріп, білмегенді түйсініп, өз тұған Отанына деген қимас сезім, ұлтжанды қасиет қалыптасты. Әскерден оралып, қазак политехникалық институтына түскенде ол нағыз алмас қылыштай қылышылдаған, он мен солын анғарған жігіт еді. Оның үйымдастырушылық қасиетін қырағы көздер байқап қалып, ізdegенге сұраған, факультеттің комсомол комитетінің хатшылығына ұсынуы да осы себептен болар.

— Жігіттердің алғашқыда гитар ұстап ән шырқап, белсенділік танытқанын сезген сәттен бастап-ақ, ойыма ГДР-дағы күндерім елестеді. Қайткен күнде де, елдің атын шығараар, жастарымыздың жаңын рухтандыратын бір эстрадалық ансамбль үйымдастырсаң деген арман бойымды билеп алды. Солардың қатарынан орын алып, білгенімді үйреттім, өзім де солардан үйрендім. Оның үстіне мен сол кездерде Еуропада дүркіреп аты шыққан “Битлз” эстрадалық ансамблінің орындаудағы әндер жазылған күйтабақ алып келген едім,— дейді Қамит.



Ал, енді Саня болса (Александр Литвиновты қөбінесе жігіттер солай атайдын) қазақ ішіне енді-енди бой үйрете бастаған, сонау Алтай өлкесінің өкілі. Әдетте, орыс ұлтының заман ағымы бейімдеп берген бір ерекшелігі бар. Ол — түрмис қажеттілігіне қарай жиі орын ауыстыруы, елден-елге көшуі. Осы жерде өзіл де болса бір шындықтың бет пердесін аша кету жөн шығар. Ертеде ата-бабаларымыз “қөшпенділер” атанғаны ақықат. Сонау Тарбағатайдан Сырга дейін аттың жалында, түйенің қомында сырғи көшіп, тағдырдың тауқыметін тартып, “Елімай” деп күніреніп өткен күндерді де бастаң кешірген. Қызыл империя, ақпатша уақытында қазақты отырықшылыққа үйрету деген тенденциясы да болғаны шындық. Оның өзі қазак тарихындағы атаулы кезең болып қалыптасқаны

да анық. Ал енді қазір сол қазақты туған ауылынан, кір жуып, кіндік кескен жерінен қарыс адым жылжыта алмайсың. Ата-бабаның қаны сінген, мандай тери төгілген мекенде, “сүйегім осы жерде қалсын” деп табан тірескен қарттарды көргенде танданбасқа шараң жоқ. “Туған топырағын қастерлейтін бұл не деген ұлы халық” деп тамсанатын басқа жүртты да көптен кездестіресің. Керісінше, бір кезде ұлы орыс халқы атанған қауымды дүниенің төрт бүрышынан кездестіруің анық.